

## Қосшыңырау ауылдық округінде орналасқан "Қылыш" шаруашылық қожалығы аумағында шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы Қосшыңырау ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 2 қазандағы № 80 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 4 қазанда № 6929 болып тіркелді

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министірлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылорда қалалық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 20 қыркүйектегі № 06-515 ұсынысы негізінде, Қосшыңырау ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қосшыңырау ауылдық округінде орналасқан "Қылыш" шаруашылық қожалығы аумағында мүйізді ірі қара малдың арасында бруцеллез ауру ошағының жойылуына байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі*

*Д. Таубай*